

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қаңтардағы N 103 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 28 қараша N 1036

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігінің" республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қаңтардағы N 103 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 4-қосымшада:

6-тармақ кестесінің "Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Мынадай компьютерлер мен ұйымдастыру техникасын: 1 көбейткіш техника, 20 жүйелік блок, 22 монитор, 2 сервер, 3 активті желілік жабдық (HUB 8 порттық), 1 жылжымалы компьютер, 9 лазерлі принтер, 2 бүріккіш түсті принтер, 2 үзбей коректендіру көзі, 1 сканер, 25 желілік фильтр сатып алу және орнату. Жұмылдыру резервінің есебі бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу әрі енгізу және 20 пайдаланушыға арналған 4 бағдарламалық өнімді сүйемелдеу (AVP вирусқа қарсы бағдарламасы; кепілді өшіру бағдарламасы; 1C:Кәсіпорын, MS WS 2000 Server).".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі